

Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық кеңес отырысының хаттамасы

Астана қаласы № 24 мамыр 2024 ж.

Төрағалық етті: **Премьер-Министрдің орынбасары
Т. Б. Дүйсенова**

Қатысқандар: (тізім бойынша)

Кәсіптік біліктіліктің салалық жүйесін енгізу мәселелері бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы

(Сарбасов, Ибрайханов, Төлеушин, Оспан, Ешенқұлов, Жұманбаев)

1. Су ресурстары және ирригация вице-министрі Е.М. Ибрайхановтың, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібінің бірінші вице-министрі Қ. А. Төлеушиннің салалық біліктілік жүйесін енгізу мәселелері бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпараты назарға алынсын.

2. **Су ресурстары және ирригация министрлігі ғылым және жоғары білім, оқу-ағарту, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктерімен бірлесіп:**

1) **ағымдағы жылғы 15 маусымға дейінгі мерзімде:**

– су ресурстарын басқару жүйесін дамыту тұжырымдамасын ескере отырып, су саласы бойынша кадрларға нақты қажеттілікке талдау жүргізсін;

– кадрларды озық даярлау мақсатында кәсіптік стандарттарды әзірлеу кезінде су ресурстары саласында халықаралық стандарттарды енгізу мәселелерін пысықтасын;

– су ресурстары кәсіпорындарын (ұйымдарын) жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету үшін жоғары оқу орындарында дуалды оқытуды енгізу көзделсін;

– су ресурстары саласындағы Кәсіптік біліктілікті тану орталықтарын құру бойынша ұсыныстар енгізсін;

2) **ағымдағы жылғы 1 қыргүйекке дейін** білім беру бағдарламаларын жаңартуды ескере отырып, «Гидротехникалық

мелиорация», «Дамбалар мен бөгеттер салу» кәсіптік стандарттарын өзектендіру бойынша жұмыстары аяқталсын.

3. Цифрлық даму, иновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі ғылым және жоғары білім, оқу-ағарту, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктерімен бірлесіп ағымдағы жылғы 15 маусымға дейін:

- телекоммуникация, ақпараттық технологиялар, электрондық өнеркәсіп, ақпараттық қауіпсіздік салаларында міндетті базалық компоненттерді айқындай отырып, бірыңғай білім беру бағдарламасын құру мәселелері пысықталсын;

- 2023 жылғы кәсіптік стандарттарды бекіту бойынша жұмысы аяқталсын;

- әзірленетін кәсіптік стандарттардың сапасын қамтамасыз ету және халықаралық стандарттармен үйлестіру мақсатында сала сарапшылары, жұмыс берушілер және білім беру ұйымдары қатарынан жұмыс топтарын құру мәселесі пысықталсын;

- телекоммуникация, ақпараттық технологиялар, электрондық өнеркәсіп, ақпараттық қауіпсіздік салаларында, оның ішінде салалық жоғары оқу орындарының базасында кәсіптік біліктілікті тану орталықтарын құру мәселелері пысықталсын;

- «Геодезия және картография» кәсіптік стандартының сапасына және білім беру бағдарламаларын әзірлеуде пайдаланылуына талдау жүргізілсін, қажет болған жағдайда 2024 жылы өзектендіруді қамтамасыз етсін;

- кадрларды озық даярлау мақсатында кәсіптік стандарттарды әзірлеу кезінде телекоммуникация, ақпараттық технологиялар, электрондық өнеркәсіп, ақпараттық қауіпсіздік салаларында халықаралық стандарттарды енгізу мәселелері пысықталсын;

- телекоммуникация, ақпараттық технологиялар, электрондық өнеркәсіп, ақпараттық қауіпсіздік салаларында мамандарды сертификаттау үшін халықаралық сертификаттау орталықтарын тарту мәселелері пысықталсын.

4. Ғылым және жоғары білім, оқу-ағарту министрліктері:

- **ағымдағы жылғы 1 қыргүйекке дейін** Еңбекминімен бірлесіп техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын әзірлеу және мониторингілеу үшін Career.enbek.kz ақпараттық жүйелерді интеграциялау және деректерді цифрлық платформамен алмасу процестерін қамтамасыз етсін;

- **ағымдағы жылғы 15 маусымға дейін** қолданыстағы білім беру бағдарламалары тізілімінің призмасы арқылы білім беру бағдарламаларының ұлттық портфелін құру мәселесін пысықтасын;

- білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде кәсіптік стандарттарды пайдалану мониторингін жүйелі негізде жүргізсін

(«TALAP» КЕАҚ, «Жоғары білім беруді дамытудың ұлттық орталығы» АҚ);

– білім беруде жасанды интеллект жүйесін пайдаланудың бірыңғай стандарты әзірленсін.

5. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган осы Хаттамаға қосымшаға сәйкес кәсіптік біліктілікті тану саласында жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы Мемлекеттік органдарды тыңдау жөніндегі материалдарды дайындауды қамтамасыз етсін.

6. Осы хаттаманың орындалуын бақылау Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жүктелсін.

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары**

Т. Дүйсенова

Қосымша

**Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық кеңестің
кәсіптік біліктілікті тану саласында жүргізіліп жатқан жұмыстар
туралы мемлекеттік органдарды тыңдау жөніндегі
ОТЫРЫСТАР КЕСТЕСІ**

№	МО атауы	Өткізу күні	Өткізу форматы	Жауаптылар
1	СРИМ ЦДИАӨМ	24.05.2024	онлайн/офлайн	ЕҢБЕКМИНИ, ҒЖБМ, ОАМ, КБҰО, ЖБДҰО, Талап
2	КМ Қаржымині	04.06.2024	онлайн/офлайн	ЕҢБЕКМИНИ, ҒЖБМ, ОАМ, КБҰО, ЖБДҰО, Талап
3	ЭМ ӨҚМ	07.06.2024	онлайн/офлайн	ЕҢБЕКМИНИ, ҒЖБМ, ОАМ, КБҰО, ЖБДҰО, Талап
4	ЭТРМ СИМ	14.06.2024	онлайн/офлайн	ЕҢБЕКМИНИ, ҒЖБМ, ОАМ, КБҰО, ЖБДҰО, Талап
5	МАМ ТСМ	21.06.2024	онлайн/офлайн	ЕҢБЕКМИНИ, ҒЖБМ, ОАМ, КБҰО, ЖБДҰО, Талап
6	АШМ ТЖМ	28.06.2024	онлайн/офлайн	ЕҢБЕКМИНИ, ҒЖБМ, ОАМ, КБҰО, ЖБДҰО, Талап
7	ДСМ Әділетмині	05.07. 2024	онлайн/офлайн	ЕҢБЕКМИНИ, ҒЖБМ, ОАМ, КБҰО, ЖБДҰО, Талап
8	ҒЖЖБМ ОАМ Еңбекмині	12.07. 2024	онлайн/офлайн	ЕҢБЕКМИНИ, ҒЖБМ, ОАМ, КБҰО, ЖБДҰО, Талап

* Қажет болған жағдайда ҰК кезектен тыс отырысы ұйымдастырылады, онда проблемалық МО тыңдалады.

Подпись канцелярии

29.05.2024 20:55 БАЙЗАКОВА САМАЛ

Подпись руководителя

29.05.2024 15:06 ДУЙСЕНОВА ТАМАРА



Тип документа	Входящий документ
Номер и дата документа	№ Д-1768//16-04/Б-946 от 30.05.2024 г.
Организация/отправитель	АППАРАТ ПРАВИТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Получатель (-и)	МИНИСТЕРСТВО ТРУДА И СОЦИАЛЬНОЙ ЗАЩИТЫ НАСЕЛЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года №370-ІІ «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.